

ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫНЫҢ БІР АЙҒАҒЫ



Сталиндік сыйлығының лауреаты атағын екі рет алған ССР Одағының халық артисі Күләш Байсейітова осы жылдығы 31 мамырдан бастап 19 шілдеге дейін Грузияда гастрольда болып қайтты. Ол бұл сапарға Тбилисидің мемлекеттік опера және балет театры коллективінің, оның ішінде осы театрдың Алматыға келіп, Абай атындағы опера және балет

театрында «Даиси» операсының спектакліне қатысқан артистері, Сталиндік сыйлықтың лауреаттары – Амиранашвили мен Андгуладзенің шақыруымен барды. Күләш Байсейітова мұнда З.П. Палиашвилидің «Даиси», Дж. Пуччинидің «Чио-Чио-сан» операларының спектакльдеріне қатысып, Маро мен Чио-Чио-сан партияларын орындады және бірнеше концерт берді.

Қазақ опера және балет театрының мақтанышы, атақты артистка Грузиядан қайтқан соң Бейбітшілікті қорғаудың Советтік комитетінің Мәскеуде өткен пленумына қатысып, Стокгольм үндеуіне ең бірінші қол қоюшылардың бірі болды. Күләш Байсейітова осы сапардан жақында ғана Алматыға қайтып оралды. Ол «Социалистік Қазақстан» газетінің тілшісімен

сөйлескенде мынаны хабарлады:

– Грузин және қазақ халқы арасындағы мәдени байланыс, өнер саласындағы достық ертеден бар. Біз орыс қызы Татьяна мен қазақ қызы Қыз Жібек әнін қалай сүйіп орындайтын болсақ, грузин қызы Сулико туралы әнді де солай сүйіп, құмартып орындайтынбыз. Оның бір жағында көңілді, ержүрек грузин халқының лирикалық, сұлу сазды әндері бізді көптен қызықтыратын. Біз бұл арманымызға да жеттік. Бұдан жеті жыл бұрын Қазақтың Абай атындағы опера және балет театрында Захари Палиашвилидің «Даиси» операсы қойылды. Биыл бұл операның бірнеше спектакліне грузин халқының өнер шеберлері, Сталиндік сыйлықтың лауреаттары – Амиранашвили мен Андгуладзе, әнші Харадзе қатысты. Олар қазақ театрының сахнасында грузин тілінде ән салып, өз партияларын орындаудың асқан шеберлігін көрсетті.

– Мен осы сапарымда грузин артистерінің бізде көрсеткен өнеріне туысқандық, достық, шығармашылық жауап қайтардым.

– Біздің газеттің оқушылары Сіздің Грузияда қандай спектакльдерге қатысқаныңызды, ондағы шығармашылық табысыңызды білгісі келеді?

– Мен «Даиси» мен «Чио-Чио-сан» операларының спектакліне қатыстым. Әсіресе, «Даиси» операсындағы грузин қызы Мароның образы маған қатты ұнайтын. Бұл образ өз атақтылығы жағынан, халыққа сүйкімділігі мен белгілілігі жағынан грузин халқының Қыз Жібегі. Ал опера туралы да осыны айтуға болады.

Туысқан грузин халқының искусство адамдары, сондай-ақ театр көруші жұртшылығы мені қазақ өнерінің өкілі ретінде зор құрметпен, үлкен меймандостықпен қарсы алды. Сахнаға алғашқы шыққанда аздап та болса жүрексіндім. Өйткені, грузин сахнасында сол елдің сүйікті қызы болып ойнау, оның образын жасау қиын еді. Мен өз ана тілімде ән салдым. Бұл операның да, сондай-ақ, бүкіл ансамбльдің де көркін бұзған жоқ. Алғашқы актіден бастап-ақ театр көруші жұртшылық мен орындаған Маро образын сүйсініп қарсы алғанын байқадым. Бұл маған үлкен сенім туғызды, жігерлендірді. Әсіресе, Мароның екінші актідегі «Сезеді жаным, қайнайды қаным» деп басталатын атақты ариясын жұртшылық ұзақ қол соғып, қызу қабылдады. Сондай-ақ, Мароның сүйген жігіті Малхаз өлгенде айтатын жоқтауын халық зор ынтамен, сүйсініп тыңдағанын білдірді. Мен бұл спектакльге екі рет, «Чио-Чио-сан» операсына бір рет қатыстым.

Искусство шеберлері қазақ артисткасының грузин сахнасында ән салуын, оның грузин жұртшылығына сүйікті Мароның образын жасағанын «зор табыс» деп атады.

– Опера спектакльдеріне қатысқаныңыздан басқа тағы қандай орындарда өнер көрсеткеніңізді айтасыз ба?

– Мен бұл сапарымда грузин елінің көптеген мәдениет орындарында болып, үлкен концерттерге қатыстым. Соңынан менің қоштасу концертім болды. Мұның алдында Гори қаласында болып, оның мәдениет және демалыс паркінде үлкен концерт бердім. Бұл концерттен түскен қаржыны сол қаладағы балалар үйінің пайдасына, туысқан елдің болашақ жас жеткіншектеріне сыйлыққа бердім.

Сондай-ақ, Грузияның мемлекеттік консерваториясының студенттері және оқытушы-профессорларымен, өнер шеберлерімен кездестім, радио арқылы концерт беруге де тура келді.

– Грузин халқының өнері туралы алған әсеріңізді айтсаңызшы?

– Грузин халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік искусствосы барлық жағынан бірдей өскен, дамыған. Оның өскен тамаша кадрлары да бар. Мен өзім кездескен өнер адамдарынан республиканың халық артистері – Амиранашвили, Андгуладзе, Харадзе, Гостенина, Грузин ССР-інің еңбек сіңірген артисі Кварелешвили, дирижер Мирцлавен, Сталиндік сыйлықтың лауреаты, режиссер Цуцунава, биші Бауэр, менің концерттерімді басқарушы болған Грибоедов атындағы драма театрының артисі Цициановский – жолдастарды атап айтқым келеді және олардың көрсеткен меймандостығы, туысқандық көмегі үшін алғыс айтамын. Бұл сапарда менімен бірге барған Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі, концертмейстер Е.С. Навлованың еңбегін де атап айтқым келеді.

– Қазақ және грузин өнер шеберлерінің арасында тағы да қандай шығармашылық байланыстар болмақ?

– Қазақ опера театрының осы маусымына Сталиндік сыйлықтың лауреаты, зор талантты режиссер Цуцунава бастаған Тбилисидің мемлекеттік опера театрының арнаулы бригадасы Алматыға келмек. Олардың бұл келістегі мақсаты – Сталиндік сыйлықтың лауреаты, композитор М.Төлебаевтің

«Біржан мен Сара» операсымен танысу, сөйтіп бұл операны грузин театрының сахнасына қоюға әзірлену болмақ.

Осындай игілікті бастамалар туысқан халықтың арасындағы достықты бұрынғыдан да нығайта береді. Бір-бірімізден үйрену арқылы түрі ұлттық, мазмұны социалистік қазақ және грузин искусствосы өркендей беретініне, мазмұны жағынан да, идеялық жағынан да өсе беретініне әбден сенуге болады.

– Сіздің болашақтағы шығармашылық жоспарыңыз қандай?

– Жақында Шахтер күніне байланысты Қарағандыға жүрмекпін. Онда барғанда республикамыздың көмір алыбының шахтерлеріне арнап бірнеше концерттер беремін. Оның бір жағында Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрының Советтік Қазақстанның отыз жылдығына арнап дайындап жатқан үлкен сыйлығы бар. Бұл сыйлық – композитор Латиф Хамиди жазған «Жамбыл» операсы болмақ. Мен мұнда операның басты кейіпкерінің бірі – Сұлушаш рөлін ойнауға тиістімін. Алдағы шығармашылық жұмысымның жоспары қысқаша айтқанда, міне осындай!

Күләш Байсейітова / құраст. А. Омарова. – Алматы : Өнер, 2012. – 30-33 б. – (Меретойлық әдебиет).